

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 150 қаулысының және Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықтың қолданылуын тоқтату туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының Қаулысы 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 482. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 ақпанда тіркелді. N 1397. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2001 жылғы 20 сәуірдегі N 118 қаулысымен. ~V011527

Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарын сақтандыру қызметін реттеу жөніндегі жаңа талаптарға көшуге бейімдеу мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту жөнінде" V001162_ 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 150 қаулысының және Сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталын есептеу тәртібі туралы нұсқаулықтың қолданылуы 2001 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімге тоқтатылсын.

2. Сақтандыруды қадағалау департаменті (Құрманов Ж.Б.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан

Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне, аумақтық филиалдары мен сақтандыру және қайта сақтандыру ұйымдарына жіберсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы Г.А. Марченкоға жүктелсін.

Ұлттық Банк
Төрағасы

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК